**Шектеу шараларын енгізіп ветеринарлық режимді белгілеу туралы**

***Күшін жойған***

Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Табантал селолық округі әкімінің 2012 жылғы 23 шілдедегі № 08 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 8 тамызда № 3-12-153 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Табантал селолық округі әкімінің 2013 жылғы 3 желтоқсандағы № 26 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Табантал селолық округі әкімінің 03.12.2013 № 26 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339 «Ветеринария туралы» Заңының 27 бабына сәйкес және Хромтау аудандық аумақтық инспекциясының Бас мемлекеттік ветеринарлық инспекторының 2012 жылғы 16 мамырындағы ұсынысының негізінде Табантал селолық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ұсақ мүйізді малдарында сарып ауруының ошағын анықтауға байланысты Табантал селолық округіне қарасты Көптоғай селосында шектеу іс-шаралары енгізіліп, ветеринарлық режим белгіленсін.

2. Хромтау аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринарлық инспекторына осы шектеу іс-шаралары талаптарының орындалуына бақылауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін, күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Табантал селолық округінің әкімі* *Ш.С.Калиева*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК